

Ақтөбе қаласының № 34 орта мектебі

21.12.2019

Қамқоршылық кеңес отырысының

№ 5 ХАТТАМАСЫ

Қатысуға тиісті 9
Қатысканы 8
Қатыспағаны 1

Күн тәртібінде:

3. Қамқоршылық кеңестің атқарылған жұмыстары жайлы есебі
4. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары
5. Жаңа жыл мерекесін өткізу ретін талқылау

Тыңдалынды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша *мектеп директоры Айзакова А.Ж* алды: 2019 – 2020 оқу жылының жарты жылдығындағы қамқоршылық кеңесінің атқарылған жұмыстар жөнінде баяндап өтті. Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚРБЖҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесі құрылып, ережеге сай жұмыстануда. №34 орта мектебінде 605 оқушының аз қамтылған – 15, көп балалы – 28, 3 жетім оқушы бар.

Қамқоршылық кеңес құрамының қолдауымен мектептің оқу- тәрбие үрдісіндегі жұмыстар және жанартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасының орындалуы жөніндегі жұмыстарға ата –аналардың бірігіп ынтымақты жұмыс жасауда көп септігін тигізуде. Мектепшілік қамқоршылық кеңестің қолдауымен оқу жылы басынан бері қыркүйек айында -10 оқушыға, қазан айында - 7 оқушыға қамқоршылық жасалды.

«Түнгі ауыл» рейдтері жоспарға сай ұйымдастырылып, кезекшілік кестесі шығарылды. Кестеге сай мектеп мұғалімдерімен бірге мектептің қамқоршылық кеңес мүшелері біріккен түрде рейдке шығып, оқушылардың, ата-аналардың әлеуметтік жағдайымен және оқушылардың күн режимінің сақталуын қадағалап, ата-аналармен, оқушылармен түсінік жұмыстарын жүргізді. Рейд барысында келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Мектепшілік қамқоршылық кеңесі үнемі мектеппен тығыз байланыста жұмыстанып келеді.

Келесі сөз мектеп қамқоршылық кеңесінің төрайымы *Ш.Ж.Жонысоваға* берілді. Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршанызға белгілі. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қалығалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын ескертті. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың мәселесі белең алуда екенін, кикілжіңі, топ құрып қақтығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр. Сондай жағдайлардың алдын алу үшін мектебіміздің оқушыларын ІІБ мамандарымен жиі кездесулер жасап, әкелерді мектептің қоғамдық жұмыстарына, бала тәрбиесіндегі шараларға қатыстыру керектігін айтты.

ұжымға сеніп тапсыруды ұсынды. Мерекелік сценарий мен сахналық костюмдері талқыға салынғаннан кейін, мектептегі шырша тойын өткізу міндеті «Жұбановтар әлемі» шығармашылық бірлестігіне тапсырылатын болды. Бұл ұсынысты бірауыздан қолдаған қамқоршылық кеңесінің мүшелері «Жұбановтар әлемі» шығармашылық бірлестігінің қызметі үшін әр баладан 1000 теңгеден жинауға да келісімдерін берді. Бұл төлем ата-ана келісімімен ғана жүзеге асырылатын болады. Оқушы шырша тойына қатыспауға да құқылы. Бұл төлемнен мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар толық босатылады. Яғни, олар шырша тойына тегін қатысады.

Төмендегідей шешім қабылданды

1. №34 орта мектебінің директоры А.Ж.Айзакованың есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ИБ мамандарымен кездесулерді арттыру, Әкенің мектеппен бала тәрбиесіндегі жұмыстарын жандандыру.
3. Мектептегі шырша тойын өткізу «Жұбановтар әлемі» шығармашылық орталығына бекітіліп, оның жақсы өтуін қадағалау қамқоршылық кеңесі мүшелеріне жүктелінсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Жонысова Шәрбат Жаугаштиевна

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Сагинтаева Калия Сагинтаевна

Ермагамбетова Гулбану Куандыковна

Құдайберген Орал Болатович

Курамысов Адиль Сагидуллаевич

Мурсалова Акмарал Амангалиевна

Балышов Ұбынғаббас Бақытович

Бегимбетова Меруерт Жалгыскановна